

FTAMP 14.25.09

DOI 10.59941/2960-0642-2025-2-192-207

Тілдік пәндер бойынша ішкі және сыртқы бағалаудың бірыңғай мазмұнын іске асыру жолдары (мұғалімдердің даярлығы)

К. Н. Булатбаева¹, М.Г. Смагулова^{*2}, М.А.Тыныбаева³

^{1,3} Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы
Астана қ., Қазақстан Республикасы

² Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы

*m.smagulova@mail.ru



Аңдатпа. Мақалада Қазақстандағы ішкі және сыртқы бағалау жүйесінің бірыңғай мазмұнына тіл пәні мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселелері қарастырылады. Бағалауды оқыту мақсаттарымен сәйкестендірудің маңыздылығы атап өтіліп, тілдерді оқыту сапасын арттырудағы бағалау сауаттылығының рөлі айқындалады. Зерттеуге Қазақстан Республикасының 650 тіл пәні мұғалімі қатысқан эмпирикалық деректердің теориялық талдауы қамтылған. Нәтижелер көрсеткендей, мұғалімдердің критериялды бағалауға дайындық деңгейін жоғары бағалағанына қарамастан, тәжірибеде олар бірқатар қиындықтарға тап болады: уақыт тапшылығы, критерийлердің түсініксіздігі және бағалау құралдарының үйлесімсіздігі. Мақалада халықаралық тәсілдерге (CEFR, Cambridge Assessment) сүйене отырып, қалыптастырушы және жиынтық бағалауды кіріктіру принциптері қарастырылады, сондай-ақ оқушыға бағытталған, рефлексивті бағалау мәдениетін қалыптастыру қажеттілігі баса айтылады. Соңында нақты ұсыныстар берілген: мұғалімдерді даярлау бағдарламаларын жаңарту, әдістемелік қолдау, цифрлық құралдарды енгізу және кәсіби қауымдастықтарды құру. Бағалау тек оқу жетістіктерін тіркеу құралы ретінде емес, метапәндік дағдылар мен оқушылардың жеке білім беру траекторияларын дамыту құралы ретінде түсіндіріледі.



Кілтті сөздер: бағалау сауаттылығы, критериялды бағалау, қалыптастырушы бағалау, жиынтық бағалау, мұғалімдерді даярлау, шет тілі, оқыту сапасы.



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Булатбаева, К.Н., Смагулова, М.Г., Тыныбаева, М.А. Тілдік пәндер бойынша ішкі және сыртқы бағалаудың бірыңғай мазмұнын іске асыру жолдары (мұғалімдердің даярлығы) [Мәтін] // «Білім-Образование» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2025. – №2. – Б. 192-207.

Кіріспе

Бүгінгі білім беру жүйесінде бағалау тек оқыту нәтижелерін тіркеу құралы ретінде емес, оқытудың ажырамас құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Оқушылардың оқу жетістіктерін дәл және әділ бағалау – сапалы білімнің кепілі болып табылады. Халықаралық зерттеулерде (OECD, UNESCO) тиімді бағалау жүйесі оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, олардың жеке оқу стратегияларын, метатанымдық және рефлексиялық дағдыларын дамытуға ықпал ететіні көрсетілген [1], [2].

Білім беру парадигмасының өзгеруіне байланысты соңғы жылдары бағалау мәдениетіне деген көзқарас та елеулі өзгерістерге ұшырады. Miller бағалауды оқытудың жетекші құралы ретінде қарастырып, оны оқу процесінің сапасын жақсартатын маңызды компонент деп есептейді [3].

Қазақстанда 2016 жылдан бастап орта білім беруде критериалды бағалау жүйесі енгізілді. Бұрынғы бес балдық жүйе объективтілік пен сенімділік талаптарына толық жауап бере алмады. Ал жаңа модель нақты оқу мақсаттарымен сәйкестендірілген бағалау критерийлеріне негізделіп, оқушылардың оқу жетістіктеріне шынайы баға беруге жағдай жасады [4].

Бағалау жүйесінің жетілдірілуі шет тілдерін оқытуда ерекше маңызға ие. Бұл салада тілдік құзыреттілікті, коммуникативтік дағдыларды, сондай-ақ мәдениаралық қарым-қатынасты ескеру қажеттігі туындайды. Осыған байланысты мұғалімдер бағалаудың кешенді құралдарын меңгеріп, оқушының тілдік дағдыларын жан-жақты бағалауға қабілетті болуы тиіс [5].

Халықаралық тәжірибеде бұл мақсатта CEFR (Common European Framework of Reference for Languages) құжаты кеңінен қолданылады. CEFR шет тілі дағдыларын – тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым – нақты деңгейлер бойынша бағалауға мүмкіндік береді және ол мұғалімдердің кәсіби даярлығына қойылатын талаптарды жаңартуда негіз болып та-

былады [6]. Cambridge Assessment, IELTS секілді халықаралық емтихан форматтары да дәл осы стандартқа сүйенеді және оқушы жетістігін анықтауда сенімді құрал ретінде танылады [3].

Осы орайда мұғалімнің бағалау саласындағы құзыреттілігі – олардың кәсіби дамуындағы негізгі көрсеткіштердің бірі. Black пен Wiliam бағалаудың формативтік сипатын зерттеп, оны оқыту процесінің сапасын арттыратын кері байланыс тетігі ретінде сипаттайды. Олар «оқыту үшін бағалау» тұжырымдамасын ұсынып, бағалаудың негізгі мақсаты – оқушы жетістігін жақсарту деп есептейді [7].

Бағалау сауаттылығы ұғымы мұғалімнің теориялық білімі мен практикалық дағдысын, бағалау құралдарын таңдаудағы әдістемелік икемділігін және этикалық ұстанымын сипаттайды. Бұл компоненттер оқушыға әділетті, түсінікті және дамытушы сипаттағы кері байланыс беруге мүмкіндік береді [1], [8].

Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, Финляндияда бағалау оқушының рефлексиялық қабілетін дамыту мен өзіндік бағалауға негізделеді. Мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік қатынас бағалау үдерісінің басты компоненті ретінде қарастырылады. Сингапур мен Оңтүстік Корея елдерінде бағалау жүйесі аналитикалық ойлауды дамыту және оқу барысын деректер негізінде жетілдіру құралы ретінде қолданылады [2], [3].

Сонымен қатар, Булатбаева атап көрсеткендей, бағалау жүйесі тілдік, сөйлеу және коммуникативтік құзыреттіліктерді біртұтас қарастыруы тиіс. Оның еңбектерінде бағалау тек нәтиже емес, оқушыны ілгерілетудің құралы ретінде ұсынылады [9].

Осы зерттеудің өзектілігі – критериалды бағалау жүйесін тиімді іске асыру үшін мұғалімдердің кәсіби дайындық күйін, қажетті қолдау түрлерін және ішкі-сыртқы бағалау арасындағы алшақтықты анықтау. Зерттеу нәтижелері Қазақстанның білім жүйесінде критериалды бағалауды жетілдіру жолдарын белгілеуге, мұғалімдердің

кәсіби дамуын жоспарлауға және бағалау тәжірибесін жақсартуға практикалық үлес қосады.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі ретінде халықаралық құжаттар мен ғылыми еңбектер пайдаланылды: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі бекіткен «Педагог» кәсіби стандарты [10] – мұғалімнің бағалау қызметіндегі кәсіби құзыреттерінің құрылымын негіздеуде; Назарбаев Зияткерлік мектептері дайындаған критериалды бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар [4] – бағалау критерийлері мен құралдарын құрылымдауда; CEFR (Common European Framework of Reference for Languages) [6] – тілдік дағдыларды деңгейлік бағалаудың халықаралық стандарты ретінде; Cambridge Assessment, Harris, Black пен Wiliam еңбектері [3], [1], [7] – бағалаудың формативтік және суммативтік аспектілерін, сондай-ақ мұғалімдердің бағалау сауаттылығын арттырудың әдістемелік жолдарын сипаттайтын халықаралық зерттеулер ретінде.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу барысында Қазақстанның түрлі өңірлеріндегі тіл пәні мұғалімдеріне онлайн сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға жалпы 650 мұғалім (тіл мен әдебиет пәндерінің ұстаздары) анонимді түрде қатысып, критериалды бағалау жүйесіне қатысты тәжірибесі мен пікірлері жөнінде жауап берді. Респонденттердің қатарында қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі және басқа да тіл пәндерінің мұғалімдері қамтылды. Сауалнама сұрақтары зерттеу мақсаттарына сай құрастырылып, жабық (иә/жоқ, көп таңдаулы, Лайкерт шкаласы) және ашық түрдегі сұрақтарды қамтыды. Атап айтқанда, мұғалімдердің критериалды бағалауға дайындық дәрежесін өзін-өзі бағалау арқылы анықтау үшін «Сіз критериалды бағалау жүйесіне дайынмын деп ойлайсыз ба?» деген сұрақ (жауап нұсқалары: Иә, Жоқ, Жартылай) қойылды. Критериалды бағалау бойынша алған біліктілік курстары туралы мәлімет алу үшін «Қандай курстардан өттіңіз?» деген ашық сұрақ берілді. Бағалау тәжірибесінің оқу бағдарламасымен үйлесімділі-

гі 1-ден 5-ке дейінгі Лайкерт шкаласы арқылы өлшенді (1 – мүлде сәйкес емес, 5 – толық сәйкес). Мұғалімдердің бағалау процесінде кездесетін қиындықтарын анықтау үшін бірнеше нұсқаны белгілеуге мүмкіндік беретін сұрақ ұсынылды (уақыт тапшылығы, критерийлердің түсініксіздігі, кері байланысты ұйымдастырудың қиындығы, құралдардың жетіспеушілігі, стандартталмауы, эмоционалдық жүктеме т.б.). Сондай-ақ мұғалімдердің бағалау критерийлерін құрастыру қабілеті (Иә/Жоқ/Ішінара), қалыптастырушы бағалау үшін ресурстардың жетіспеушілігі (ашық сұрақ), қай бағалау түрін жиі қолданатыны (қалыптастырушы, жиынтық, екеуі де, қолданбаймын), кері байланысты беру тәсілі (ауызша, жазбаша, екеуі де, бермеймін), бағалау құралдарын әзірлеу немесе дайын үлгіні қолдану талғамы, мектептегі бағалау критерийлерінің бірізділігі (Иә/Жоқ/Білмеймін), ішкі және сыртқы бағалау мазмұнының сәйкестігі туралы пікірі (ашық сұрақ), бағалау нәтижелерін оқушымен талдау жиілігі (Иә/Кейде/Жоқ), цифрлық бағалау құралдарын қолдану (бірнеше жауап таңдауға болатын сұрақ) және бағалау процесінің мұғалімге эмоционалдық әсері (Иә/Кейде/Жоқ) соңды аспектілер қамтылды. Сауалнама соңында ашық түрде «Бағалау сауаттылығыңызды жетілдіру үшін қандай қолдау қажет?» деген сауал арқылы мұғалімдердің кәсіби дамуына қажетті қолдау түрлері анықталды.

Жиналған деректерді талдау аралас әдістерді қолдану арқылы жүзеге асырылды. Жабық сұрақтар бойынша жауаптардың пайыздық үлестері мен жиіліктері есептеліп, нәтижелер диаграммалар және кестелер түрінде көрсетілді. Лайкерт шкаласындағы деректер үшін орталық тенденция көрсеткіштері мен таралу сипаты қарастырылды. Ашық сұрақтардан алынған мәтіндік жауаптарға мазмұндық талдау жүргізіліп, жиі қайталанатын тақырыптар мен ұсыныстар анықталды. Мұғалімдердің тікелей жауаптарынан маңызды цитаталар іріктеліп алынып, талдау барысында иллюстрация ретінде қолданылды. Зерттеу этикасына сәйкес, мұғалімдерге қатысты жеке деректер жиналған жоқ және барлық жауаптар құпия

сақталды. Сауалнамаға қатысу ерікті болды, ал деректерді өңдеу барысында жауаптар өңдеусіз, сол күйінде ескерілді.

Нәтижелер

Көптеген мұғалімдер бағалау критерийлері мен дескрипторларының мазмұнын оқушылар мен ата-аналар үшін түсінікті етіп жеткізу қиын екенін атап өтті. Кейбір респонденттер критерийлердің тым жалпы немесе көпмағыналы тұжырымдалатынын, сондықтан оларды қолдану барысында әріптестер арасында бірізділік сақталмайтынын жазған. Уақыттың тапшылығы қалыптастырушы бағалау мен дер кезінде кері байланыс ұйымдастыруға кедергі келтіретіні жиі айтылады. Әсіресе жазбаша кері байланыс көп уақыт талап ететіндіктен, жұмыс көлемін арттырып, эмоциялық жүктемені күшейтетіні көрсетілді. Сондай-ақ, мұғалімдер бағалау құралдарының ортақ стандарттары мен дайын үлгілерінің жоқтығын маңызды қиындық ретінде бөле-жара көрсеткен. Олар әр сынып деңгейіне бейімделген тапсырмалар мен бағалау парақтарының жетіспеушілігін және қолда бар үлгілік материалдардың пән ерекшеліктеріне сәйкес бейімделмегенін тілге тиек етеді.

Бағалауда кері байланысты тиімді ұсыну және оқушылардың оны қабылдауына қатысты проблемалар да айқындалды. Бірқатар педагогтардың айтуынша, оқушылар мұғалімдердің кері байланысын формалды түрде ғана қабылдайды, оны өз оқу жетістігін жақсарту құралы ретінде пайдалануға мотивациясы төмен. Бағалау нәтижелерін оқушымен бірлесіп талқылау тәжірибесі кең таралмаған: тек кейбір мұғалімдер ғана мұндай әдісті жүйелі қолданатынын көрсетті. Алайда осы тәжірибені қолданатын ұстаздар оның тиімділігін ерекше атап өтеді – бұл тәсіл оқушыға рефлексия жасауға, өзіндік жауапкершілікті сезінуге және оқу мақсаттарын терең түсінуге көмектеседі.

Ашық сұрақтарға берілген жауаптарда мұғалімдер бағалау жүйесін жетілдіруге қатысты бірқатар нақты ұсыныстар айтты. Атап айтқанда, «бағалау құралдарының бірыңғай базасын құру», «әдістемелік семинарлар мен шеберлік сабақтарын көбейту», «бағалау бойынша цифрлық платформаларды қолдануды үйрету», «эмоциялық қолдау тетіктерін мұғалімдердің кәсіби даму бағдарламаларына енгізу» қажеттігі ұсынылды. Респонденттердің бірі «Бірізді бағалау құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтар қажет» деп жазса, тағы бірі «Цифрлық құралдар тиімді, бірақ көпшілігіміз оларды қолдануға дайын емеспіз» деп өз тәжірибесінен бөлісті. Бұл ұсыныстар мұғалімдер қауымдастығы бағалау сауаттылығын арттыру үшін ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау қажеттігін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелері мұғалімдердің критериалды бағалауға деген теориялық дайындығы жоғары екенін, алайда практикалық қолдану барысында бірқатар қиындықтармен бетпе-бет келетінін көрсетті. Респонденттердің басым бөлігі – шамамен 68%-ы – өзін критериалды бағалау жүйесіне дайынмын деп есептейді, тағы 26%-ы дайындық деңгейін «жартылай» деп бағалаған, ал тек 4%-ы ғана дайын еместігін білдірді (кесте 1). Сонымен қатар, мұғалімдердің қырық пайызға жуығы бұл салада ешқандай арнайы курсқа қатыспағанын көрсетсе, қалған 60%-ы әртүрлі біліктілікті арттыру курстарынан өткен (араларында «Өрлеу» курстары, Педагогикалық шеберлік орталығының тренингтері, критериалды бағалау жөніндегі семинарлар және т.б. аталған). Дегенмен, ұстаздардың көпшілігі бағалау тәжірибесінде қиындықтар кездесетінін мойындайды: мысалы, респонденттердің 59,7%-ы бағалау үдерісінде уақыттың тапшылығына ұшырайтынын көрсеткен (ең кең таралған кедергі), ал 15-20%-ы шамасында мұғалім бағалау критерийлерінің түсініксіздігі мен мектептегі бағалау құралдарының бірізді болмауын негізгі қиындық ретінде белгілеген.

1 – кесте – Мұғалімдердің критериалдық бағалауға дайындық деңгейі (мұғалімдердің өз-өзін бағалауы негізінде)

Дайындық деңгейі	Жауап саны (n)	Үлесі (%)
Толық дайын	442	68,0%
Жартылай дайын	169	26,0%
Дайын емес	26	4,0%
Жауап берілмеген/белгісіз	13	2,0%

Респонденттердің критериалды бағалау жүйесіне дайындық дәрежесі (% , n=650). Көпшілік мұғалімдер өздерін жаңа бағалау жүйесіне дайын деп санайды, алайда төрттен бірі ғана толық сенімді емес екенін (жартылай дайын) мойындаған. Өте аз бөлігі (шамамен 4%) ғана дайын еместігін көрсетті (бұлар жас маман немесе басқа мамандықтан келіп қайта даярлаудан өткен педагогтар екені мұғалімдердің біліктілігін арттыру семинарларында байқаймыз). Сонымен қатар 2%-ға жуық мұғалім сұраққа бірімәнді жауап бере алмады (бір уақытта қарама-қарсы нұсқаларды белгілеген). Бұл жалпы алғанда мұғалімдердің өз бағалау құзыреттілігіне сенімі жоғары екендігін білдіреді. Сонымен қатар, әдістемелік орталықтардың мамандарымен сұхбаттасу нәтижесі төмендегідей мәселені айқындап отыр: 70%-ге жуық педагог критериалды бағалауға дайын екенін айтып отырса да, критериалды бағалау мазмұнының сапасы жоғары деп айтуға болмайды. Тапсырмалардағы бірізділіктің жоқтығы типтік әдістемелік тетіктердің қажеттілігін туғызып отыр. Контекстік

тапсырмалар әзірлеу жұмыстары толыққанды қолға алынбағаны белгілі болды.

Мұғалімдердің бағалау жүйесін оқу мақсаттарымен сәйкестік тұрғысынан бағалауы да көбіне оң нәтиже көрсетті. Респонденттердің жартысынан астамы өз пәніндегі бағалау үдерісі оқу бағдарламасының мақсаттарымен толық сәйкес келеді деп санайды (5 баллдық шкала бойынша 5 балл – 50,3% жауап). Тағы біршама бөлігі (30,8%) бұл сәйкестікті жақсы деңгейде (4 балл) бағалаған. Едәуір аз ұстаздар орташа сәйкестікті (15,2% – 3 балл) көрсетті, ал өте сирек жағдайда ғана бағалаумен мақсаттардың байланысы нашар деп танылды (2,5% – 2 балл; 1,2% – мүлде сәйкес емес, 1 балл) (кесте 2). Бұл деректер жалпы мұғалімдердің өз пәніндегі бағалау тәжірибесі оқу мақсаттарымен ұштасады деп есептейтінін байқатады. Алайда, кейбірі бұл байланысты толық қанағаттанарлық деп санамайды, яғни бағалау мазмұнын әрі қарай жетілдіру қажеттігін жоққа шығармайды.

2 - кесте – мұғалімдердің бағалау жүйесінің оқу мақсаттарымен сәйкестік деңгейі (Лайкерт шкаласы бойынша)

Сипаттамасы	Жауап саны (n)	Үлесі (%)
Толық сәйкес келеді	327	50,3%
Жақсы сәйкес келеді	200	30,8%
Орташа	99	15,2%
Нашар сәйкес	16	2,5%
Мүлде сәйкес емес	8	1,2%

Бағалау жүйесінің оқу мақсаттарымен сәйкестігін мұғалімдердің бағалауы (% , n=650). Көріп отырғанымыздай, мұғалімдердің 81%-ға жуығы бағалаудың пәндік мақсаттармен үйлесімділігін жоғары бағалап (4 немесе 5 балл), оның ішінде жартысына жуығы толық сәйкес келеді деп есептейді. Тек өте аз бөлігінің пікірі теріс: шамамен 4%-ы ғана бұл тұрғыда қанағаттанбайтынын білдірген (1 немесе 2 балл). Дегенмен, көптеген мұғалімдер кей жағдайда ішкі мектептік бағалау мен бағдарлама талаптарының арасында алшақтық бар екенін немесе бұл мәселені нақты айқындау қиын екенін атап өтті. Демек, бағалау мазмұнын оқу мақсаттарымен жүйелі теңестіру бағытында әлі де жұмыс қажет деп санаушылар аз емес.

Бағалау критерийлері мен тапсырмаларын құрастыру шеберлігі туралы сұраққа мұғалімдердің айтарлықтай бөлігі оң жауап берді. Респонденттердің 63,4%-ы бағалау критерийлерін өздері құрастыра алатынын мәлімдеді, ал 31,8%-ы белгілі бір деңгейде (ішінара) ғана құрастыра алады деп көрсетті. Тек 4,8% мұғалім критерийлерді өздігімен жасауға қауқарсыз екенін мойындады (кесте 3). Бұл нәтиже педагогтердің әдістемелік дайындығының жеткілікті екенін көрсетеді. Алайда, сауалнама барысында көпшілік мұғалімдер дайын әзірлемелер мен бұрыннан бар үлгілік тапсырмаларды жиі пайдаланатынын жасырмады. Яғни, мұғалімдер бағалау құралдарын құрастыруда өзіндік шығармашылыққа қарағанда қолдағы материалдарды бейімдеуге көбірек сүйенуі мүмкін.

3-кесте – Мұғалімдердің бағалау критерийлерін өздігінен құрастыру қабілеті

Жауап нұсқасы	Жауап саны	Үлесі (%)
Иә, өзім жасай аламын	413	63,4%
Ішінара жасай аламын	207	31,8%
Жоқ, жасай алмаймын	30	4,8%

Мұғалімдердің бағалау критерийлерін өздігімен құрастыру қабілетін бағалауы (% , n=650). Нәтижелер мұғалімдердің басым бөлігінің критерий құрастыру құзыреті бар екенін немесе белгілі дәрежеде бар екенін көрсетеді. Дегенмен кейбір ұстаздардың мұндай дағдылары жеткіліксіз (шамамен әрбір жиымасыншы мұғалім критерийлерді жасай алмайды). Бұл көрсеткіштер мұғалімдердің теориялық білімі күшті болғанымен, тәжірибеде әлі де әдістемелік қолдауға мұқтаж топтардың бар екенін аңғартады. Сондай-ақ, көптеген мұғалімдер мектептегі бағалау критерийлерінің бірізді емес екендігін атап өтті (респонденттердің 12%-ы бірізділік жоқ десе, 27%-ы бұл сұраққа нақты жауап бере алмады), яғни әріптестер арасында ортақ түсінік қалыптастыру қажеттігі туындайды.

Сауалнамада ішкі (мектепішілік) және сыртқы (ұлттық немесе халықаралық емтихандар) бағалау мазмұнының сәй-

кестігі туралы да пікірлер жиналды. Респонденттердің көпшілігі бұл аспектінің жетілдірілуі қажет деп санайтынын көрсетті. Атап айтқанда, мұғалімдердің бір бөлігі ұлттық емтихан талаптары мен мектептегі күнделікті бағалау критерийлері арасында алшақтық бар екенін, сыртқы бағалау құралдарын мектеп тәжірибесіне бейімдеу маңызды екенін жазды. Кейбір мұғалімдер қазіргі ішкі және сыртқы бағалау мазмұны айтарлықтай жақсы үйлестірілген деген пікір білдірсе де, көпшілік бұл бағытта жүйелі жұмыс керектігін қолдайды. Осы мәселені толыққанды шешуге арналған Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-нда зерттеулер жүргізілуде. Соның ішінде тілдік пәндер бойынша ішкі және сыртқы бағалаудың бірыңғай мазмұнын іске асыру мақсатында формативті бағалауда тіл жүйесі құралдарының функционалдық тұрғыда қолданылуы (лексикалық, грамматикалық, орфоэпиялық, орфографиялық, стилистикалық),

сөйлеудің 4 түрі және коммуникативті дағдылар бойынша қалыптастырушы біліктер қамтылса, ішкі суммативті бағалауда осы барлық дағдылардың кіріктірілген жиынтығы коммуникация мәтінін құрауда көрінісін тауып, бағалануы тиіс. Коммуникация мәтіні ауызша немесе жазбаша түрде болуы мүмкін. Сонымен қатар, тақырыпқа байланысты өміршең етіп берілуі тиіс. Қарым-қатынас этикеті, ресми/бизнеси жағдаяттың ерекшеліктерінің тілдегі көрінісі есепке ену қажет. Сондықтан, суммативті бағалау мазмұны кіріктірілген біліктер жиынтығы ретінде білім алушылардың әр т.рлі форматтағы мәтіндерді қабылдау/ тудыру, сөйлесу, пікір білдіру/ алмасу сияқты құзыреттіліктер түрінде бағалануы тиіс [7].

Сонымен қатар, бағалау нәтижелерін оқушылармен бірлесіп талдау практи-

касы кең қолданылмайтыны анықталды: барлық мұғалімдердің 53,8%-ы ғана бағалау қорытындыларын оқушымен бірге тұрақты талқылайтынын көрсетті (қалғандарының көбісі мұны тек кейде немесе мүлде істемейді). Мұғалімдердің өте үлкен бөлігі – 90%-ға жуығы – оқу жетістіктерін бағалауда түрлі цифрлық құралдарды (Google Forms, Quizizz, Padlet, Mentimeter, Kahoot және т.б.) қолданатынын айтты. Бірақ біз эксперимент барысында мұғалімдердің біліктілік арттыру курстарын өткіздік. Дегенмен 9-10% мұғалім әзірге ешбір цифрлық платформаны пайдаланбайды. (кесте 4). Осыған қатысты цифрлық ресурстардың көптеген түрлері сараптамадан өткізілуде, сол ресурстардың әмбебап немесе нақты бір тілдік тапсырмаларға қатысты цифрлық платформалар анықталуда.

4-кесте - мұғалімдердің бағалау тәжірибесі және цифрлық ресурстарды қолдану бойынша аналитикалық кесте

Анализ бағыты	Көрсеткіш / Аспект	Мәлімет / Пайыздық көрсеткіш	Түсіндірме
1. Бағалау нәтижелерін талдау	Оқушымен тұрақты бірлескен талдау жүргізетін мұғалімдер	53,8%	Бұл мұғалімдер бағалау қорытындыларын оқушылармен жүйелі түрде талқылайды, яғни оқушыны рефлексия мен түзетуге тарту тәжірибесі бар.
	Кейде немесе мүлде талқыламайтын мұғалімдер	46,2%	Бұл санаттағы мұғалімдер бағалау нәтижелерін оқушымен бөлісу тәжірибесін сирек немесе мүлде жүзеге асырмайды
2. Цифрлық құралдарды қолдану	Цифрлық платформаларды қолданатын мұғалімдер (Google Forms, Kahoot, Quizizz т.б.)	~90%	Бұл мұғалімдер оқу жетістіктерін бағалауда интерактивті және онлайн құралдарды белсенді түрде қолданатынын көрсетті.
	Ешбір цифрлық платформаны қолданбайтын мұғалімдер	9-10%	Бұл мұғалімдер цифрлық ресурстарды қолдануға дайын емес немесе әлі енгізбеген.
3. Курстық жұмыс аясында	Өткізілген шаралар	Біліктілікті арттыру курстары	Эксперимент барысында мұғалімдерге цифрлық бағалау құралдары бойынша арнайы курстар ұсынылды.
	Курстардың мазмұны	Цифрлық платформаларды таныстыру және қолдану әдістемесі	Мұғалімдерге нақты платформалармен жұмыс істеу және оларды оқыту тапсырмаларымен байланыстыру бойынша ұсыныстар берілді

4. Зерттеу және сараптама	Жүргізіліп жатқан жұмыс	Цифрлық платформалар сараптамасы	Платформалардың мүмкіндіктері талданып, олар әмбебап немесе тілдік тапсырмаларға бағытталған түрлері бойынша жіктелуде.
	Сараптама мақсаты	Нақты әдістемелік тиімділік пен қолданыс аясының анықталуы	Тіл пәндеріне бейімделген, оқушылардың білімін бағалауға ыңғайлы платформалар анықталып жатыр.

2024 жылдың ақпан айынан бастап 2025 жылдың мамыр айына дейін мақала авторлары Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Үздіксіз білім беру институты аясында «Шетел тілі пәні мұғалімдеріне арналған қайта даярлау курстарын» өткізді. Курстар барысында қазіргі білім беру үдерісінде цифрлық платформаларды тиімді қолданудың әдістемелік аспектілері кеңінен қарастырылып, қатысушыларға практикалық ұсынымдар берілді.

Socrative, ChatGPT, EdPuzzle, Google Classroom, Nearpod, InVideo AI, Flippity сияқты құралдар оқыту мазмұнын цифрлық форматта жоспарлау, визуализациялау және оқушылармен интерактивті әрекеттесу мүмкіндігін ұсынады. Мысалы, Flippity платформасы арқылы мұғалімдер Google Sheets негізінде білім беру ойындарын, флешкарталар мен викториналар құра алады, ал EdPuzzle бейнематериалдарды сұрақтармен біріктіруге мүмкіндік береді.

Khan Academy, TED-Ed, Quora, OpenStax сияқты ресурстар қосымша оқу материалдарын табуға септігін тигізсе, Hypothesis, Virtual Labs, Flipbook және Classtime платформалары оқушылардың белсенділігін арттыруға және оқу жетістіктерін бақылауға арналған. Бұл құралдарды меңгеру мұғалімдердің бағалау құзыреттілігін жетілдіруге және сабақтарды бағалау талаптарына сәйкестендіруге мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, әр төртінші мұғалім бағалау үдерісі өзіне эмоциялық жүктеме түсіретінін мойындады (25,4% – иә, жиі күйзеліс сезінеді). Респонденттердің қалған бөлігі эмоциялық қысымды не жиі (41,7%

– кейде сезінеді), не мүлде (32,9% – сезінбейді) бастан кешетінін көрсетті. Осыған байланысты оқу жетістіктерді бақылау кезеңдерінде білім алушылардың және мұғалімдердің эмоционалдық жай-күйін қарастырып, әр түрлі жағдаяттарда когнитивті-әрекеттік әдістер арқылы бағалауда дұрыс нәтиже алуға оң ықпал ететін эмоционалдық дайындықтың маңыздылығы қарастырылып отыр. Оған негіз болатын еңбектердің бірі - Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА қызметкерлерінің зерттеуі «Future workforce formation: relationship between the emotional well-being and readiness for external assessment of academic achievements among the school students (an evidence from Kazakhstan)» [11]. Аталған мәселе шеңберінде жүргізілген әдістемелік семинарлар мен педагогтердің біліктілігін арттыру курстары барысында мұғалімдермен әрекеттік оқыту әдісі негізінде жағдаяттық рөлдік ойындар ұйымдастырылды. Сабақ мазмұнына сәйкес келетін жағдаяттық үлгілер құрылып, олар келесі типология бойынша топтастырылды: «табысты жағдаят», «ішінара нәтиже жағдаяты», «уақытша нәтижесіздік жағдаяты». Мұғалімдер оқу үдерісінде оқушылардың эмоционалды және коммуникативтік белсенділігін арттыру мақсатында мадақтау, қолдау, кеңес беру мен ұсыныс білдірудің тұрақты тілдік құрылымдарын қолдану дағдыларын жетілдірді.

«Табысты жағдаятты» жасанды түрде құру әдістері оқу материалы негізіндегі тапсырмаларды деңгейлеп, сатыландыру арқылы жүзеге асырылды. Бұл тәсіл оқу әрекетіне деген бастапқы сыртқы ынтаны ішкі, табиғи мотивацияға айналдыруды көздейді. Мұндай кәсіби шеберлік П.Я.

Гальпериннің ақыл-ой әрекетін кезең-кезеңмен қалыптастыру теориясын тәжірибеде тиімді қолдану арқылы іске асады. [12] Сонымен қатар, әрбір оқушы жетістігінің мұғалім тарапынан эмоционалды-позитивті қолдауға ие болуы оқу барысында тұрақты мотивациялық ахуалды

қамтамасыз етеді. Эмоционалды қолдау барлық кезеңдерде оқу әрекетінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Бұл әдістемелік тәсілдер білім алушылардың оқу жетістіктеріне деген ішкі уәжін арттырып, олардың оқуға деген оң көзқарасын қалыптастыруға ықпал етеді (5-кесте).

5-кесте - Оқу үдерісінде оқушылардың мотивациясын арттыруға бағытталған жағдаяттық қолдау формулаларының үлгілері

Табысты жағдаят	Ішінара нәтиже жағдаяты	Уақытша нәтижесіздік жағдаяты
Сен жарайсың! Сенде бәрі керемет шығып жатыр! Сен бұл істің шеберісің! Сен достарыңа мұны тез үйрете аласың!	Сенде ... өте жақсы шығып жатыр, енді тек ... үйрену қалды; сен бұл бөлімді түгел меңгердің, тек бір ғана кемшілік бар – ...; мен сенің орындау механизмін тез меңгеретіңе сенемін, бұл өте оңай...	Бәрінде бірден бәрі шыға бермейді; бұл тақырыпта әркім кішкентай қадамдардан бастайды; кел, әрекет жоспарын құрамыз; сені мұны бес минутта А. үйретеді; 10 минуттан кейін осы сұрақтың жауабымен келші... Мен сенің табысқа жететіңе сенемін; бірінші қадам – А.-мен бірге; екінші қадам – К.-мен бірге...; егер сен жауап берсең, олар да осы үшін баға алады; командалық жұмыс істей алатының сендерге жарасады...

Оқу тапсырмаларын кезең-кезеңімен құрылымдау сыныпта білім алуға бағытталған тұрақты табыс атмосферасын қалыптастыруға ықпал етеді. Жаттығуларды күрделілік деңгейіне қарай саралау мұғалімге барлық деңгейдегі оқушыларды эмоционалды тұрғыдан қолдап отыруға мүмкіндік береді: білім алуда қиындық көріп жүрген оқушылар үшін – қарапайым тапсырмалар, ал жоғары нәтиже көрсетіп жүргендер үшін – күрделі тапсырмалар ұсынылады.

Осы тәсіл арқылы мұғалім дифференциация негізінде барлық оқушылардың белсенділігін арттырып, оқу уәжін күшейтеді. Артта қалып жүрген білім алушыларды жедел ілгерілету үшін мадақтау және қолдау негізіндегі ынталандыру тетіктері іске қосылады. Бұл, мысалы, көлемі 5–7 жаңа сөзден тұратын лексикалық бірліктерді меңгеру және осы сөздерді рөлдік ойын барысында қолдану сияқты интегративті тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асырылады.

Сабақ барысында оқушылардың ақпарат және жеке пікір алмасуына негізделген

ортақ идеямен әрекет етуі жасанды түрде ұйымдастырылған «табиғи тілдік қарым-қатынас жағдайы» арқылы жүзеге асырылады. Бұл тәсіл оқушылардың тілді психологиялық қысымсыз меңгеруіне мүмкіндік береді және тілдік құзыреттілікті тиімді қалыптастыруға жағдай жасайды.

Сауалнаманың соңғы ашық сұрағында мұғалімдердің басым көпшілігі (90%-дан астамы) бағалау сауаттылығын арттыру үшін қосымша әдістемелік, психологиялық және цифрлық қолдау қажеттігін атап өтті. Атап айтқанда, көптеген жауаптарда мұғалімдерге критериялды бағалау бойынша арнайы курстар, семинарлар, тәжірибе алмасу алаңдары және консультациялық көмек керек екені айтылды. Екінші жағынан, аздаған ұстаздар өздерінің бағалау саласындағы құзыреті жеткілікті екенін және қосымша қолдау қажет емес екенін білдірген (шамамен 5-8%). Жалпы, ашық жауаптарда мұғалімдер бағалау жүйесіндегі негізгі кедергілер ретінде критерийлердің күрделілігін, уақыт тапшылығын және ата-аналармен түсініспеушілікті атады. Бұл факторлар

бағалау практикасын тиімді жүргізуге тосқауыл болып отыр және мұғалімдердің пікірінше, оларды шешу үшін жүйелі қолдау мен түсіндіру жұмыстары, реформалары қажет. Реформалардың экономикалық тұрақтылығы жүйенің тұрақтылығын арттыру, сыртқы көмекке тәуелділікті азайту және жаңа жағдайларға бейімделуді арттыру арқылы ұзақ мерзімді құндылық жасайтын мүдделі тараптардың құзыреттілігін дамытуға байланысты бағалау электрондық платформаларын қолдануды дамыту қажеттігі туындауда. Тілдік пәндерге қатысты үлгі ретінде алынатын халықаралық тестілеу платформалары және оны қолдану процедуралары мектеп басшылығына, мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға белгілі болу керек. Халықаралық тестілеу платформаларында академиялық адалдықпен бағалану әрекеттері қазақстандық білім алушыларға жаппай түсіндірілуі қажет. Оқушылар арасында бақылау жұмыстарына дайындау үшін академиялық адалдық бойынша тест жүргізу мүмкіндіктерін де қолдану ұсынылады. Қазақстандық мектептердегі шешілмеген мәселе – мұғалімдердің бағалау мазмұнын функционалдық сауаттылыққа бейімдей алмауы. Осы орайда 2023-2025 жылдары мұғалімдерге және педагогикалық бағытта оқып жүрген магистранттарға әдістемелік семинарлар ұйымдастырылып, PISA халықаралық зерттеулердің типтік тапсырмалары [13] талданды. Сонымен қатар, тіл мамандары академиялық жазу әдістемесін (әсіресе, эссе жазуды) және білім алушылардың оқу сауаттылығын дамытуға бейімделді: мәтінді сыни ойлау арқылы талдау, оқушыларға өз пікірін білдіру, кесте, график және диаграммаларды оқи білу және алынған ақпаратпен алмасу сияқты өміршең дағдыларды дамыту әдістемелік жолдарын меңгерді. Соның нәтижесінде 18 білім алушылар магистрлік зерттеулерінде осы бағалау мазмұнын жетілдіруге байланысты тақырып аясында теориялық және практикалық нәтижелерді көрсете білді. Сонымен қатар, тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым бойынша типтік тапсырмалар электрондық платформада орындалып отырғанда, оқушылардың уақытты дұрыс үнемдеу дағдылары арттыра түседі, техникалық

және әдістемелік қиындақтар жойылады.

Талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, мұғалімдердің көпшілігі критериялды бағалаудың маңыздылығын түсінеді және оны қолдануға теориялық тұрғыда дайын екендіктерін көрсетті. Алайда, тәжірибеде олар бірқатар жүйелі қиындықтарға тап болатынын да мойындайды. Бұл бағалау құзыреттілігінің сапалы дамуына кедергі келтіретін факторлардың бар екенін білдіреді. Мәселен, мұғалімдердің 68%-ы өздерін дайын деп есептегенімен, олардың басым бөлігі (мысалы, шамамен 60%-ы) бағалау үдерісінде түрлі қиындықтарды бастан өткеретінін атап өтті. Тек үштен біріне жуығы ғана қолданыстағы бағалау жүйесіне толық қанағаттанатынын білдірді. Бұл – теориялық дайындық пен практикалық қолдану арасындағы белгілі бір алшақтық бар екенінің дәлелі. Сондықтан бағалау үдерісін оңтайландыру үшін мұғалімдерге жан-жақты қолдау

Мұғалімдердің бағалауға көзқарасын зерделеу барысында айқындалған бұл жағдай «бағалау – оқушыны жазалау емес, оқытуды дамыту құралы болуы тиіс» деген ұстанымды қайта күшейтеді. Расында да, мұғалімдер бағалауды рефлексиялық және ынталандырушы тетік ретінде қарастырып, «оқыту үшін бағалау» тұжырымдамасын тәжірибеде іске асырғанда ғана оқушылардың ішкі уәждемесі артады. Black пен Wiliam еңбектерінде де бағалау негізінен оқушы жетістігін жақсартуға бағытталуы керектігі айтылған [7]. Яғни, баға қоюдан гөрі кері байланыс арқылы оқуды жетілдіру басты назарда болуы маңызды.

Сондай-ақ, эмоциялық күйзеліс пен кәсіби қажу бағалау үдерісіне тікелей ықпал ететін фактор ретінде жиі еленбей қалады. Алайда, біздің зерттеуде көптеген мұғалімдер қалыптастырушы бағалауды жүйелі өткізуге уақыт тапшы екенін, тапсырмаларды дайындау және әр оқушыға сапалы кері байланыс беру көп күш пен ыждаһат талап ететінін атап өтті – бұл жайттар олардың психологиялық

жүктемеге ұшырайтынын көрсетеді. Демек, бағалау құзыретін дамыту шаралары тек әдістемелік тұрғыдан ғана емес, мұғалімдерге эмоциялық қолдау көрсету бағытында да қарастырылуы тиіс. Халықаралық тәжірибелерге сүйенсек, Финляндияда бағалау нәтижелері мұғалім мен оқушы арасындағы серіктестік қатынас тұрғысынан қаралып, оқушының рефлексиялық қабілетін дамыту құралы ретінде пайдаланылады. Ал Сингапур мен Оңтүстік Кореяда бағалау жүйесі деректерге негізделген шешім қабылдау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған [2]. Бұл елдерде мұғалімдердің бағалау жүктемесін азайту және кәсіби тұрғыда жану синдромының алдын алу шаралары да жолға қойылған.

Қазақстанда қабылданған «Педагог» кәсіби стандарты мұғалімге бағалау нәтижелерін оқу үдерісін жетілдіру құралы ретінде пайдалануды міндеттейді [10]. Дегенмен, біздің зерттеу нәтижелері бұл құзыреттердің тек қағаз жүзінде емес, нақты тәжірибеде қалыптасуы қажеттігін көрсетеді. Оны жүзеге асыру үшін мектеп әкімшілігі мен білім беру басқармалары тарапынан жүйелі қолдау және бақылау тетіктері талап етіледі. Зерттеу барысында критериялды бағалау құзыреттерінің толық іске аспай отырғаны анық байқалды. Мұғалімдердің жауаптарынан төмендегідей жүйелі қиындықтар айқындалды: уақыт тапшылығы – қалыптастырушы бағалауды үнемі өткізуге мүмкіндік жоқ; құралдардың стандартталмауы – мектептер арасында тапсырма үлгілері мен критерийлер біркелкі қолданылмайды; түсініксіз критерийлер – бағалау талаптары оқушылар мен ата-аналарға әлі де толық түсінікті емес; объективтілік мәселелері – ауызша және жазбаша жұмыстарды әділ бағалау қиындық туғызады. Бұл түйткілдер бұрын жүргізілген зерттеулерде де аталып өткен. Мысалы, Карымсақова мен Хасенова критериялды бағалау оқу үдерісінің айқындығын арттырып, оқушының когнитивтік және рефлексивтік дағдыларын дамытуға ықпал ететінін айтады. Дегенмен, бұл үшін бағалау критерийлері мен дескрипторлары барлық қатысушыларға түсінікті болуы қажет деп көрсетеді [14]. Сол сияқты, К. Булатбаева бағалау

жүйесі тілдік, сөйлеу және коммуникативтік құзыреттерді біртұтас қарастыруы тиіс екенін атап көрсетеді. Ғалымның еңбектерінде бағалау тек нәтиже бақылауы емес, оқушыны ілгерілетудің құралы ретінде ұсынылады [7].

Халықаралық зерттеулер де осы тұжырымдарды қуаттайды. Мысалы, Германия мен Канадада мұғалімдерге арналған бағалау модерациясы тәжірибесі кеңінен таралған. Бұл тәсіл әріптестердің бағалау талаптарын біріздендіруге, әділдік пен кәсіби рефлексияны дамытуға бағытталған. Мұндай модерация жүйесі мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуын қамтамасыз етіп, бағалаудағы субъективтілікті азайтуға септігін тигізеді. Vogt және Tsagarі еуропалық шет тілі мұғалімдерінің бағалау сауаттылығы әртүрлі деңгейде екенін көрсетті. Авторлар бағалау сауаттылығы тек теориялық біліммен шектелмей, оны құралдарды дұрыс қолдану, әділеттілік және этикалық ұстанымдарды сақтаумен тікелей байланыстырады [15]. Сонымен қатар, Kissau және оның әріптестерінің халықаралық салыстырмалы зерттеуінде мұғалімдердің тілдік дайындық деңгейі мен бағалауға деген дайындығы арасында тығыз байланыс бары анықталды. Олар мұғалімдерді дайындау бағдарламаларында бағалауды нақты пәндік контексте түсіндіру қажет деп ұсынады (мысалы, тіл үйренушілердің деңгейі мен коммуникативтік мақсаттарына сәйкес) [16].

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы дайындаған ресми нұсқаулықта критериялды бағалау жүйесінің құрылымы, модерациясы, кері байланысы мен құжатталуы жан-жақты сипатталған [17]. Алайда, бұл құжаттардың іс жүзінде барлық мектептерге толық енгізілмеуі мұғалімдер арасында түсініксіздік пен түрліше интерпретацияға алып келуде. Біздің зерттеу барысында анықталған қиындықтар мен сәйкессіздіктер бағалауға арналған ұлттық стандарттар мен әдістемелік ұсынымдардың тәжірибеге тиімді интеграцияланбағанын, сондай-ақ мұғалімдерді оқыту бағдарламаларының толық жетілдірілмегенін көрсетеді. Демек, критериялды бағалау жүйесін мектеп

практикасына орнықтыру үшін білім беру жүйесі деңгейінде әлі де көптеген жұмыстар атқарылуы тиіс.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, біз бірнеше практикалық ұсыныстар әзірледік. Біріншіден, педагогикалық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын жаңартып, болашақ мұғалімдерге бағалау сауаттылығын міндетті түрде қалыптастыратын арнайы курстар енгізу қажет (мысалы, «Оқыту үшін бағалау және оқу үшін бағалау» немесе «Assessment for Language Teachers» сияқты пәндер). Екіншіден, мектепшілік қолдау жүйесін дамыту керек: жас мамандар үшін тәлімгерлік бағдарламаларын ұйымдастырып, тәжірибелі ұстаздармен бірлескен практикалық семинарлар мен шеберлік сабақтарын көбейту орынды. Үшіншіден, бағалау бойынша цифрлық құралдарды енгізу және тарату жұмысын жүйелеу керек – мұғалімдердің Google Forms, Padlet, Quizizz, Mentimeter және т.б. көптеген секілді платформаларды пайдалану біліктілігін арттыру арқылы бағалауды жеңілдетуге болады. Төртіншіден, мұғалімдердің өзара кәсіби қауымдастығын құру арқылы тәжірибе алмасу, бірлескен бағалау құралдарын дайындау, онлайн вебинарлар мен талқылау клубтарын өткізу қажет. Бесіншіден, критериялдық бағалаудың нормативтік базасын жаңарту және бірыңғай түсіндіру жұмыстарын жалғастыру керек – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Критериялдық бағалау процедуралары» жөніндегі ұсынымдарын барлық мектептерге кеңінен таратып, оның негізінде бірыңғай мектепшілік ережелер қалыптастырған жөн. Алтыншыдан, мұғалімдердің бағалау сауаттылығын халықаралық тәжірибеге сай жетілдіру маңызды – CEFR, Cambridge Assessment сынды стандарттарға негізделген курстар мен тренингтер жүйелі өткізіліп, формативтік және суммативтік бағалау дағдыларын дамытатын бағдарламалар көбейтілуі тиіс [16], [15].

Жалпы халықаралық практикада бағалау сауаттылығын дамыту үздіксіз жүзеге асырылады. Мысалы, Финляндияда бағалау нәтижелері оқушының өзін-өзі дамыту құралы ретінде қарастырылып,

оқушының бағалау үдерісіне белсенді қатысуы қамтамасыз етіледі [2]. Сингапурда бағалау деректерге негізделген оқытуды жетілдіру тетігі ретінде қолданылады – мұғалімдер жиынтық бағалау нәтижелерін талдап, оқыту стратегияларын түзету үшін пайдаланады. Ұлыбританияда (Cambridge Assessment тәжірибесінде) қалыптастырушы бағалау оқу процесінің ажырамас бөлігі ретінде мойындалған, мұғалімдерді бағалау мәдениетіне үйрету арнайы тренингтер арқылы іске асады [5].

Ең бастысы, мұғалімнің бағалауға деген кәсіби-адамгершілік ұстанымы мен психологиялық көзқарасы да айрықша маңызды. Бағалауда әділеттілік, қолдау көрсету және ынталандыру принциптерін ұстану – оқушының ішкі сенімділігі мен оқуға деген қызығушылығын арттыратыны белгілі. Бұл аспектілер мұғалімнің этикалық құндылықтарымен тікелей байланысты және педагог жұмысының нәтижелілігіне әсер етеді [11]. Жақында жүргізілген халықаралық зерттеулердің бірі (Kissau және т.б.) шетел тілі мұғалімдерінің тілдік құзыреті мен бағалауға дайындығы арасында байланыс барын көрсетті. Ғалымдар мұғалімдерді даярлау үдерісінде олардың бағалау қызметіне рефлексия жасау, эмоционалдық күйзелісті жеңу және уәждемесін арттыру қабілеттерін дамытуға ерекше көңіл бөлу қажет дейді [16].

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу шетел тілі мұғалімдерін ішкі және сыртқы бағалау мазмұнының бірізділігі тұрғысынан кәсіби даярлау мәселесінің өзектілігін нақты көрсетіп берді. Мұғалімдердің теориялық тұрғыдан бағалауға дайын екенін анықтасақ та, практикада критериялдық бағалауды жүзеге асыруда мынадай негізгі қиындықтар орын алып отырғаны белгілі болды: уақыт тапшылығы, критерийлердің түсініксіздігі, бағалау құралдарының бейімделмеуі және оқушымен кері байланысты сапалы ұйымдастырудың қиындығы. Аталған факторлар мұғалімнің кәсіби өзіне деген сеніміне әсер етіп, ақыр соңында оқыту сапасының төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Зерттеу нәтижелері шетел тілі мұғалімдерінің бағалау сауаттылығының теориялық деңгейі мен практикалық қолданымы арасында айтарлықтай алшақтық бар екенін айғақтады. Бұл қазіргі таңда мұғалімдерге бағытталған арнайы бағалау курстарының, практикаға негізделген оқыту бағдарламаларының және тұрақты кәсіби қолдау жүйесінің қажеттілігін дәлелдейді. Бағалау қызметі тек оқу жетістіктерін тіркеу амалынан шығып, оқушының танымдық және метатанымдық дағдыларын дамытуға, жеке оқу траекториясын құруға ықпал ететін маңызды педагогикалық механизм ретінде қарастырылуы тиіс.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, осы зерттеу нәтижелері мұғалімнің бағалау құзыреттілігін қалыптастырудың көпқырлы құрылымын нақтылады. Ал практикалық тұрғыда алынған деректер білім беру ұйымдарында мұғалімдерге арналған бағалау жүйесін жетілдіруге бағытталған шешімдер ұсынуға мүмкіндік береді. Жалпы, зерттеу қорытындылары бағалау сапасы мен тиімділігі мұғалімнің теориялық білімімен қоса жүйелі практикалық қолдауға, әріптестік өзара байланысқа және мектепшілік бағалау мәдениетіне де тәуелді екенін көрсетті.

Қорыта айтқанда, шетел тілі мұғалімдерін ішкі және сыртқы бағалаудың бірыңғай мазмұнына сәйкес даярлау – тек техникалық емес, сонымен бірге әдістемелік, психологиялық және мәдени аспектілерді қамтитын күрделі үдеріс. Егер мұғалім өз бағалау іс-әрекетін оқушыны қолдауға бағытталған құндылықты тәжірибе ретінде қабылдай алса, онда бағалау шын мәнінде оқу процесінің басты катализаторына айналады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала №BR21882300 «Ұлттық интеграцияланған бағалау жүйесінің тұжырымдамалық негіздері» (2023–2025 жж.) ғылыми-техникалық бағдарлама аясында орындалды.

Қолданылған деректер тізімі

1. **Harris, D.P., McGhee, R.** Assessment for Learning: An Action Guide for School Leaders. – ASCD, 2016. – 128 p.
2. **OECD.** Preparing Teachers for the Future: The Role of Assessment in Teacher Education. – OECD Publishing, 2018. – 114 p.
3. **Miller, D.** Assessment in the Language Classroom: A Resource for Teachers. – Cambridge: Cambridge University Press, 2013. – 210 p.
4. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ: учебно-методическое пособие / под ред. О.И. Можяевой, А.С. Шилибековой, Д.Б. Зиеденовой. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016. – 56 с.
5. **Колесников, А.А., Габеева, К.А., Конобеев, А.В.** Система оценки результатов освоения предмета «Шет тілі»: методические рекомендации. – М.: ИСРО РАО, 2023. – 56 с.
6. **Council of Europe.** Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment – Companion Volume. – Strasbourg: Council of Europe Publishing, 2020. – 312 p.
7. **Black, P., Wiliam, D.** Developing the theory of formative assessment // Educational Assessment, Evaluation and Accountability. – 2009. – Vol. 21. – 5–31 p. DOI: <https://doi.org/10.1007/s11092-008-9068-5>
8. **Шмигирилова, И.Б., Рванова, А.С., Таджигитов, А.А., Копнова, О.Л.** Реформирование системы образования Казахстана: пути развития оценочной грамотности учителя // Образование и наука. – 2022. – Т. 24, № 4. – 140–167 с. DOI: <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2022-4-140-167>
9. **Булатбаева, К.Н.** Единые критерии оценивания языковой, речевой и коммуникативной компетенций при обучении языкам в школе и вузе // Педагогический опыт: теория, методика, практика : материалы междунар. науч.–практ. конф. (Чебоксары, 8 окт. 2014 г.). – Чебоксары: Интерактив плюс, 2014. – 27–31 с.
10. Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттарды бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031>
11. **Kussainov, G., Zhumabayeva, S., Iskakova, A., Smailov, S., Dyussenbayeva, A.** Future workforce formation: relationship between the emotional well-being and readiness for external assessment of academic achievements among the school students (an evidence from Kazakhstan) // Economic Annals-XXI. – 2024. – № 210(7–8). – 56–69 p. DOI: <https://doi.org/10.21003/ea.V210-07>
12. **Arievitch, I.M., Haenen, J.P.P.** Connecting sociocultural theory and educational practice: Galperin's approach // Educational Psychologist. – 2005. – Vol. 40, № 3. – 155–165 p. https://doi.org/10.1207/s15326985ep4003_3

13. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі. PISA халықаралық салыстырмалы зерттеуінің тест тапсырмалары жинағы. – Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2023. – 120 б. <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/documents/1?lang=ru&title=PISA>
14. **Карымсакова, А.Е., Хасенова, А.Е.** Критериальное оценивание как современная контрольно-оценочная деятельность в педагогике // Вестник ЕНУ им. Л.Н. Гумилева. Серия: Педагогика. Психология. Социология. – 2021. – № 2(135). – 96–108 с. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-135-2-96-108>
15. **Vogt, K., Tsagari, D.** Assessment Literacy of Foreign Language Teachers: Findings of a European Study // Language Assessment Quarterly. – 2014. – Vol. 11(4). – 374–402 p. DOI: <https://doi.org/10.1080/15434303.2014.960046>
16. **Kissau, S., Davin, K.J., Wang, C., Haudeck, H.** Enhancing foreign language teacher candidates' oral proficiency: An international comparison // Research in Comparative and International Education. – 2021. – Vol. 17(1). – 124–142 p. DOI: <https://doi.org/10.1177/17454999211028052>
17. Инструкция по процедурам критериального оценивания и документированию для средней школы в рамках обновления содержания образования. – Астана: НАО им. И. Алтынсарина, 2018. – 272 с.
- Vol. 21. – 5–31p. <https://doi.org/10.1007/s11092-008-9068-5>
8. **Shmigirilova, I.B., Rvanova, A.S., Tadzhigitov, A.A., Kopnova, O.L.** Reformirovanie sistemy obrazovaniya Kazahstana: puti razvitiya ocenочноj gramotnosti uchitelja // Obrazovanie i nauka. – 2022. – Vol. 24, No. 4. – P. 140–17. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2022-4-140-167> [Reforming the Education System of Kazakhstan: Pathways to Developing Teachers' Assessment Literacy]
9. **Bulatbaeva, K.N.** Edinye kriterii ocenivaniya jazykovoj, rechevoj i kommunikativnoj kompetencij pri obuchenii jazykam v shkole i v uze [Unified Criteria for Assessment of Language, Speech and Communicative Competence in School and University Language Teaching] // Pedagogicheskij opyt: teorija, metodika, praktika: materialy mezhdunar. nauch.-prakt. konf. (Cheboksary, 8 okt. 2014 g.). – Cheboksary: Interaktiv Plyus, 2014. – 27–31p.
10. Bilim beru ujymdarynyń pedagogterine arналған kásiptik standarttardy bekity turaly: Qazaqstan Respublikasy Oqy-aǵartu ministriniń 2025 jly 24 aqpanдаǵy № 31 buıryǵy [On Approval of Professional Standards for Educators of Educational Organizations: Order No. 31 of the Minister of Education of the Republic of Kazakhstan dated February 24, 2025] // Qazaqstan Respublikasy normativtik qúqyqtq aktileriniń aqparattyq-qúqyqtq zhýiesi. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031>
11. **Kussainov, G., Zhumabayeva, S., Iskakova, A., Smailov, S., Dyussenbayeva, A.** Future workforce formation: relationship between the emotional well-being and readiness for external assessment of academic achievements among the school students (an evidence from Kazakhstan) // Economic Annals-XXI. – 2024. – No. 210(7–8). – 56–69 p. <https://doi.org/10.21003/ea.V210-07>
12. **Arievitch, I.M., Haenen, J.P.P.** Connecting sociocultural theory and educational practice: Galperin's approach // Educational Psychologist. – 2005. – Vol. 40, № 3. – 155–165 p. https://doi.org/10.1207/s15326985sep4003_3
13. Ministrlygi oqy-aǵartu Respubliki Kazakhstan . PISA khalyqaralyq salystyrmaly zertteuiniń test tapsyrmalary jinaǵy [Collection of test tasks from the PISA international comparative study]. Astana: Ulttyq testileu ortalyǵy, 2023. -120 p.
14. **Karymsakova, A.E., Hasenova, A.E.** Kriterial'noe ocenivanie kak sovremennaja kontrol'no-ocenочnaja dejatel'nost' v pedagogike // Vestnik ENU im. L.N. Gumileva. Seriya: Pedagogika. Psikhologija. Sotsiologija. – 2021. – No. 2(135). – 96–108 p. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-135-2-96-108> [Criterion-Based Assessment as a Modern Control and Evaluation Activity in Pedagogy]
15. **Vogt, K., Tsagari, D.** Assessment Literacy of Foreign Language Teachers: Findings of a European Study. Language Assessment Quarterly. – 2014. – Vol. 11(4). – 374–402 p. <https://doi.org/10.1080/15434303.2014.960046>
16. **Kissau, S., Davin, K.J., Wang, C., Haudeck, H.** Enhancing foreign language teacher candidates'

References

1. **Harris, D.P., McGhee R.** Assessment for Learning: An Action Guide for School Leaders. – ASCD, 2016. – 128 p.
2. OECD. Preparing Teachers for the Future: The Role of Assessment in Teacher Education. – OECD Publishing, 2018. – 114 p.
3. **Miller, D.** Assessment in the Language Classroom: A Resource for Teachers. Cambridge: Cambridge University Press, 2013. – 210 p.
4. **Rukovodstvo po kriterial'nomu ocenivaniyu dlja uchitelej osnovnoj i obshhej srednej shkol** [Guidelines on Criterion-Based Assessment for Primary and Secondary School Teachers: Methodological Manual]: Uchebno-metodicheskoe posobie / pod red. O.I. Mozhaevoy, A.S. Shilibekovoy, D.B. Ziedenovoy. – Astana: AOO "Nazarbaev Intellektual'nye shkoly", 2016. – 56 s.
5. **Kolesnikov, A.A., Gabeeva, K.A., Konobeev, A.V.** "Shet til" panin men'gerý nätizhelerin bagalau zhýjesi: ädistemelik usynyntar [System of Assessment of Foreign Language Learning Outcomes: Methodological Recommendations]. – Moskva: ISRO RAO, 2023. – 56 b.
6. Council of Europe. Common European Framework of Reference for Languages: Learning, Teaching, Assessment – Companion Volume. – Strasbourg: Council of Europe Publishing, 2020. – 312 p.
7. **Black, P., Wiliam, D.** Developing the theory of formative assessment. Educ. Assess. Eval. Acc. 2009.

oral proficiency: An international comparison. Research in Comparative and International Education. – 2021. – Vol. 17(1). – 124–142 p. <https://doi.org/10.1177/17454999211028052>

17. Instrukcija po proceduram kriterial'nogo ocenivanja i dokumentirovaniju dlja srednej shkoly v ramkah

obnovlenija soderzhaniya obrazovanija [Instructions on Procedures for Criterion-Based Assessment and Documentation for Secondary School in the Framework of Curriculum Renewal]. – Astana: NAO im. I. Altynsarina, 2018. – 272 s.

Пути реализации единого содержания внутреннего и внешнего оценивания по языковым предметам (готовность учителей)

К. Н. Булатбаева¹, М.Г. Смагулова^{*2}, М.А. Тыныбаева³

^{1,3}Национальная академия образования им. И. Алтынсарина

Астана, Казахстан

²Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева

Астана, Казахстан



Аннотация. В статье рассматриваются вопросы профессиональной подготовки учителей языковых предметов к единому содержанию внутренней и внешней системы оценивания в Казахстане. Отмечается важность согласования оценивания с целями обучения и подчеркивается роль оценочной грамотности в повышении качества преподавания языков. Исследование включает теоретический анализ и эмпирические данные, собранные среди 650 учителей языковых предметов Республики Казахстан. Результаты показывают, что, несмотря на высокую самооценку готовности к критериальному оцениванию, многие педагоги сталкиваются с трудностями в практике: нехваткой времени, неясностью критериев и несогласованностью оценочных инструментов. В статье рассматриваются принципы интеграции формативного и суммативного оценивания на основе международных подходов (CEFR, Cambridge Assessment), а также подчеркивается необходимость формирования рефлексивной и ориентированной на ученика культуры оценивания. В завершение представлены конкретные рекомендации: обновление программ подготовки учителей, методическая поддержка, внедрение цифровых инструментов и создание профессиональных сообществ. Оценивание трактуется не как средство фиксации достижений, а как инструмент развития метапредметных навыков и индивидуальных образовательных траекторий.



Ключевые слова: оценочная грамотность, критериальное оценивание, формирующее оценивание, итоговая оценка, подготовка учителей, иностранный язык, качество образования.

Ways to Implement Unified Content of Internal and External Assessment in Language subjects (Teachers' Readiness)

K.N.Bulatbayeva¹, M.G.Smagulova², M.A. Tynybayeva³

^{1,3} Y. Altynsarin Academy of Education, Kazakhstan, Astana

² L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana



Abstract. The article discusses the issues of professional training of teachers of language subjects to the unified content of the internal and external assessment system in Kazakhstan. The importance of aligning assessment with learning objectives is highlighted, and the role of assessment literacy in improving the quality of language teaching is emphasized. The study includes theoretical analysis and empirical data collected among 650 teachers of language subjects in the Republic of Kazakhstan. The results show that, despite the high self-assessment of readiness for critical assessment, many teachers face difficulties in practice: lack of time, ambiguity of criteria and inconsistency of assessment tools. The article discusses the principles of integrating formative and summative assessment based on international approaches (CEFR, Cambridge Assessment), and also emphasizes the need to form a reflective and student-centered assessment culture. In conclusion, specific recommendations are presented: updating teacher training programs, methodological support, the introduction of digital tools and the creation of professional communities. Assessment is interpreted not as a means of recording achievements, but as a tool for developing meta-subject skills and individual educational trajectories.



Keywords: assessment literacy, criterion-based assessment, formative assessment, summative assessment, teacher training, foreign language, education quality.

Материал баспаға 05.01.2025 келіп түсті